ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№89-92
(2467-2470)
Сенбі
7 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ, ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жүктелген міндеттерді іске асыру және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелері қаралды. Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімі аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес арнайы мәжіліс өткізіп, күн тәртібіндегі және өзге де маңызды мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Алдымен Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған міндеттерді аудан көлемінде сапалы әрі мерзімінде орындау мәселесі талқыланды. Аудан әкімі салаға жауапты орынбасарлары мен дербес бөлім басшыларына, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне Жолдаудан туындайтын міндеттерді күнделікті жұмыстың негізгі бағытына айналдырып, әрбір тапсырманың орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Жиында тұрғындарды тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше назар аударылды. 2026 жылдың 10 айында ауданда 9 545 науқасқа 416,1 млн. теңгенің дәрілік заттары берілген. Сонымен қатар, медициналық ұйымдардағы дәрілік заттардың қалдық қоры, олардың жарамдылық мерзімі, препараттардың айналымнан шығарылуы және тұрғындардың қажетті дәрі-дәрмекке қолжетімділігі мәселелері қаралды.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына дәрілік препараттардың жеткізілуі мен бөлінуін тұрақты бақылауды, науқастардың дәрі-дәрмек алуда кедергіге тап болмауын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған 9132 тұрғынды сақтандыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажеттігін атап өтті.

Мәжілісте ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесі кеңінен талқыланды.

2026 жылдың 9 айының қортындысымен ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 4644 бірлікті құраған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 727 бірлікке немесе 13,5 пайызға төмен. Осыған байланысты аудан басшысы кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қызметін жандандыру, жаңа өндіріс орындарын ашу және ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлік бастамаларды қолдау қажеттігін айтты.

Аудан әкімі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөліміне, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне кәсіпкерлік субъектілерінің жабылу себептерін зерделеп, жаңа кәсіпкерлік бастамаларды анықтау және сүйемелдеу жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Әсіресе, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға басымдық беру қажеттігін ескертті. Алдағы жылдары жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың барысы, жер рәсімдеу мәселелері және жыл соңына дейін іске қосылуы жоспарланған өндіріс орындарының дайындығы пысықталды.

Мәжілісте күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанының барысы да қаралды. Аудан әкімі шақыру жасындағы азаматтарды әскери есепке алу, шақыру қағаздарын уақытылы табыстау, медициналық тексеруден өткізу және шақыру пунктіне келуін қамтамасыз ету жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыруды тапсырды.

Жиын соңында аудан орталығы мен Қазалы қаласындағы санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстарының қазіргі жағдайы сынға алынды. Аудан әкімі анықталған кемшіліктерді бір апта мерзімде жою, атқарылған жұмыстардың нәтижесін «дейін/кейін» форматында ұсыну жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Аудан басшысы барлық жауапты басшыларға тапсырмалардың орындалуына немқұрайлы қарамауды, белгіленген мерзімдерді қатаң сақтауды және әрбір бағыт бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

● Баспасөз - 2027

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЗМАГАНБЕТОВ БАУЫРЖАН ТАНИРБЕРГЕНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Измаганбетов Бауыржан Танирбергенович 1989 жылдың 28 қазан күні Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылында дүниеге келген. 1996 жылы аталған ауылдағы Ү.Түктібаев атындағы №24 білім ордасының бірінші сыныбына қабылданып, 2007 жылы бітірген.

2007-2011 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Агрономия» мамандығы бойынша;

2011-2014 жылдары М.Мәметова атындағы Қызылорда мемлекеттік колледжінің «Актер өнері» факультетін «Драма театрының әртісі» мамандығы бойынша бітірді.

2014-2016 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетін «Музыкалық білім» мамандығы бойынша;

2018-2020 жылдары Орал қаласындағы Қазақстанның инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін «Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару» мамандығы бойынша бітірді.

2011 жылдан Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйінің көркемдік жетекшісі, 2014-2022 жылдары аталған мекемеде әдіскер қызметін атқарды.

2022 жылдан Әйтеке би кенті әкімі аппаратының «Әйтеке би кенттік мәдениет Үйі» МКҚК-ның мәдени ұйымдастырушысы қызметін атқарды.

2025 жылдан Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» МКҚК-ның директоры қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, үш баланың әкесі.

2026 жылдан бастап «Әділет» партиясының мүшесі.

Аудандық мәслихаттың VI шақырылымының депутаты болды.

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЗМАГАНБЕТОВ БАУЫРЖАН ТАНИРБЕРГЕНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінің инфрақұрылымын дамыту, тұрғындарға қолайлы өмір сүру жағдайын қалыптастыру бағытындағы бастамаларым

1. Жол инфрақұрылымын жақсарту

Округ аумағындағы жолдарды жөндеу, асфальт төсеу және көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасауға ықпал ету.

2. Көшелерді жарықтандыру

Жарықтандыру жүйесін кеңейту, қараңғы көшелерге қосымша шамдар орнату мәселесін көтеру.

3.Ауызсу сапасын арттыру

Су желілерін жаңғырту, тұрғындарды сапалы әрі үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етуге атсалысу.

4.Аумақты абаттандыру

Көшелерді көркейту, жасыл желектерді көбейту және қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз етуге ықпал ету.

5.Балаларға қолайлы орта қалыптастыру

Заманауи ойын алаңдарын салу, қолданыстағы алаңдарды жаңарту және балалардың қауіпсіз демалысын ұйымдастыруға қолдау көрсету.

6.Әлеуметтік қолдауды күшейту

Көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың мәселелерін шешуге, мемлекеттік көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ету.

7. Тарихи мұраны сақтау және насихаттау

Кент аумағындағы тарихи ескерткіштерді күтіп ұстау, мәдени мұраларды сақтау және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УРКИМБАЕВ ГАБИДЕН УАЛИЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Үркимбаев Габиден Уалиевич 1971 жылы 21 ақпанда Қызылорда облысы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген.

Білімі жоғары. 2006 жылы Қаратау қаласындағы Агротехникалық университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітіріп, «Экономист» біліктілігін алған.

Еңбек жолын 1987 жылы Жамбыл қаласындағы екінші реттік шарап өндіру зауытында жұмысшы болып бастаған.

1989-1991 жылдары Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Ленинград қаласындағы №28037 әскери бөлімде әскери борышын өтеген.

1992-1993 жылдары Жамбыл қаласындағы резеңке ойыншықтар зауытында жұмысшы;

1993-1994 жылдары Әйтеке би кентіндегі жөндеу-құрылыс учаскесінде экономист;

1994-1996 жылдары Әйтеке би кентіндегі «Строитель» кооперативі директорының орынбасары;

1996-1999 жылдары Әйтеке би кентіндегі «Намыс-Құрылыс» ЖШС-де өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы;

1999-2007 жылдары «Үркімбаев» ЖК директоры;

2008-2016 жылдары «Данияр-97» ЖШС-нің директоры;

2016-2018 жылдары «ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС-де жанар-жағармай материалдары қоймасының меңгерушісі және қойма бастығы;

2019-2023 жылдары «ТД «ТЭК-Қазақстан» ЖШС-нің Қазалы станциясындағы отын қоймасының бастығы;

2023 жылдан бастап «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің «Отын ресурстық орталығы» Қазалы филиалының бастығы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 2 баласы бар.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УРКИМБАЕВ ГАБИДЕН УАЛИЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Сайлау округіме Әйтеке би кентінің 5 кварталы мен Арал ауданының кейбір елді мекендері кіреді.

Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, кәсіпкерлік пен ауылдық аумақтарды дамыту бағытындағы басым міндеттер

1. Балық шаруашылығын дамыту. Балық аулау, өңдеу және сақтау саласындағы кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, жергілікті өндіріс көлемін арттыруға ықпал ету.

2. Мал шаруашылығына қолдау көрсету. Шаруа қожалықтарының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейту, ветеринариялық қызмет сапасын жақсарту және мемлекеттік қолдау тетіктеріне қолжетімділікті арттыру.

3. Жайылым мәселесін шешу. Шалғайдағы жайылымдық жерлерді суландыру, су ұңғымаларын қазу және мал шаруашылығына қажетті инфрақұрылымды дамыту.

4. Шағын кәсіпкерлікті ынталандыру. Жергілікті кәсіпкерлердің жеңілдетілген несие мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қолдау.

5. Экологиялық жағдайды жақсарту. Арал ауданының елді мекендерінде көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, сексеуіл егу және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық жобаларды қолдау.

6. Жастарды жұмыспен қамту. Жастардың кәсіптік білім алуына, еңбек нарығына бейімделуіне және кәсіпкерлік бастамаларын іске асыруына қолдау көрсету.

7. Спорт инфрақұрылымын дамыту. Елді мекендерде спорт алаңдарын жабдықтау, спорт нысандарын жаңарту және бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттыру.

8. Мәдениет саласын өркендету. Ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардың жағдайын жақсарту, ұлттық өнер мен шығармашылық үйірмелерді дамытуға ықпал ету.

9. Жергілікті өндірісті кеңейту. Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін өңдеу кәсіпорындарын дамыту, жергілікті өнімдердің нарыққа шығуына жағдай жасау.

10. Туризм әлеуетін арттыру. Арал өңірінің табиғи және тарихи орындарын туристік бағыттарға енгізу, ішкі туризм мен қызмет көрсету саласын дамытуға қолдау көрсету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НҰРМАШОВ СӘБИТ ОҢДАШҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Нұрмашов Сәбит Оңдашұлы 1980 жылы 5 шілдеде Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген. 1997 жылы Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебін бітірген. 2002 жылы Москва қаласындағы Әлем Институтының «Әлем экономикасы» факультетін «экономист» мамандығы бойынша бітірген. 2002-2007 жылдары Москвада жеке компанияларда экспедитор, менеджер болып жұмыс істеді. 2008-2014 жылдары «РЗА» АҚ-да менеджер болып, 2014-2022 жылдары «РЗА-Мұнай-Газ-Құрылыс» ЖШС-де менеджер қызметін атқарған. 2022-2026 жылдары «Нұрас и Компания» ЖШС-де өндірістік - техникалық бөлімшесінің бастығы болып жұмыс атқарды. 2026 жылдан бастап «Қазалы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» ММК-де мемлекеттік сатып алу менеджері қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, жұбайы Бисенова Сәуле екеуі 1 қыз, 1 ұл бала тәрбиелеуде.

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НҰРМАШОВ СӘБИТ ОҢДАШҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың елді дамыту жөніндегі стратегиялық саясатын және Мемлекет басшысының әр жылдардағы Жолдауларында міндеттелген міндеттерді және «ӘDILET» партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Соңғы 10 жыл көлемінде елімізде тұрақты даму тенденциясы қалыптасты. Аудан орталығы Әйтеке би кенті де жақсы дамып келеді.

Мен аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат болып түсіп жатқан округ кенттің орталығында орналасқандықтан, көптеген мәселелер шешілді деп айтуға болады. Ол жұмыстар аудан әкімдігі мен мәслихат депутаттарының көп жылғы еңбегінің жемісі. Дегенмен, атқарылатын жұмыстар да аз емес.

Округ аумағындағы жөнделетін көшелерге асфальт, қиыршық тас төсеу жұмыстарын жалғастыратын боламыз.

Аяқ су бармайтын көшелерге труба арқылы немесе су насостары арқылы апаруға күш саламын.

Жаңадан кәсіп ашамын деген кәсіпкерлерге Үкіметтен берілетін жеңілдетілген несие алып беруге жәрдемдесетін боламын.

Мал шаруашылығымен айналысатын шаруаларға жайылым мәселесін жергілікті әкімдікпен бірлесе отырып, шешетін боламыз.

Округке қарасты түнгі жарықпен қамтылмаған көшелердің мәселесін шешуге бюджеттен қаржы бөлдіруге ықпал ететін боламын.

Сайлау округімдегі тұрмысы төмен отбасылар мен мүгедектерге мемлекеттен алатын жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің берілуін бақылайтын боламын.

Округ аумағында орналасқан әлеуметтік нысандардың (мектеп, бала бақша, мәдениет Үйлері, спорт нысандары) материалдық- техникалық базасын нығайтуға ықпал ететін боламын.

Мемлекет Басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын басшылыққа алып, аудан орталығының санитарлық тазалығын, көркеюін, көгалдануын үнемі қадағалап отыратын боламын.

«Таза Қазақстан» - адамның санасының тазаруы. Ол тек қана көше тазалығы емес, адамның рухани тазаруы деп түсінуіміз қажет.

Еліміздің, туған жеріміздің таза болуы – ұрпағымыз үшін үлкен тәрбие.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АСКАРОВА ШАКИЗАДА КЕЛИМБЕТОВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Аскарова Шакизада Келимбетовна 1967 жылы 3 қаңтарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,«Бірлік» елді мекенінде дүниеге келген.

1987 жылы Ресейдің Шуя қаласындағы медициналық оқу орнының «Фельдшер» мамандығын бітірген.

1994 жылдан бері сауда саласында жеке кәсіппен айналысып келеді.

Қазалы аудандық мәслихатының VIII шақырылымының депутаты. «Қазақстан Халқы ассамблеясы» жанындағы Қазалы аудандық аналар кеңесінің төрайымы болған. Қызылорда облыстық «Іскер әйелдер кеңесінің» мүшесі. Қазалы аудандық әйелдер кеңесінің мүшесі. Қызылорда облысы әкімінің, Қазалы ауданы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

«Ақжол» демократиялық партиясының мүшесі.

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АСКАРОВА ШАКИЗАДА КЕЛИМБЕТОВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Ақжол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасын басшылыққа алып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Әйтеке би кентіндегі сайлау округі бойынша

1. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жақсарту

Округ аумағындағы коммуналдық шаруашылыққа қатысты өзекті мәселелерді зерделеп, тұрғындардың тұрмысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған жұмыстарды қолға алу. Инженерлік желілердің жағдайын жақсарту және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мәселелерін тиісті мекемелер алдында көтеру.

2. Көше жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын ретке келтіру

Жөндеуді қажет ететін көшелердің жол жабынын жаңарту, асфальт төсеу және тұрғындар жиі пайдаланатын бағыттарға тротуарлар салу мәселесіне басымдық беру. Жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ету.

3. Қоғамдық қауіпсіздік пен көше жарықтандыруын қамтамасыз ету

Көшелер мен қоғамдық орындарда түнгі жарықтандыру жүйесін жетілдіру, жарық шамдары орнатылмаған аумақтарды анықтап, оларды жарықтандыруға ықпал ету. Тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында қоғамдық орындардың жағдайын жақсарту.

4. Спорттық және мәдени демалыс орындарын дамыту

Жастар мен тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін спорттық және мәдени демалыс алаңдарын көбейту. Спорт алаңдарын қажетті құралдармен жабдықтау, бұқаралық спорттық іс-шаралар мен мәдени бастамалардың ұйымдастырылуына қолдау көрсету.

5. Ана мен бала құқығын қорғау және отбасылық құндылықтарды қолдау

Әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатының қамтамасыз етілуіне ықпал ету. Аналар мен балаларға көрсетілетін медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмектің қолжетімді болуына атсалысу. Көпбалалы және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың мәселелерін назарда ұстау.

6. Қоршаған ортаны қорғау және елді мекеннің санитарлық жағдайын жақсарту

«Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, қоқыс алаңдарының жағдайын ретке келтіру және заңсыз қоқыс орындарының алдын алу. Ағаш отырғызу, жасыл желектерді күтіп-баптау арқылы кенттің экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосу.

7. Білім беру және медициналық қызмет сапасын арттыру

Округ тұрғындарына қызмет көрсететін білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қажеттіліктерін назарда ұстау. Мектептер мен балабақшалардың оқу жабдықтарын жаңарту, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін арттыру және тұрғындарға сапалы қызмет көрсетілуіне ықпал ету.

8. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтардың мүддесін қорғау.

Зейнеткерлердің, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың әлеуметтік мәселелерін назардан тыс қалдырмау. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімді жүзеге асуына, тиісті жәрдемақылар мен әлеуметтік көмектердің уақытылы көрсетілуіне жәрдемдесу.

9. Кәсіпкерлікті өркендету және халықтың табысын арттыру

Жергілікті тұрғындардың жеке кәсіппен айналысуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау білдіру. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, гранттар мен жеңілдетілген несиелер туралы ақпараттың қолжетімді болуына ықпал ету.

10. Электрмен жабдықтау жүйесін жаңарту

Ескірген электр желілерін кезең-кезеңімен ауыстыру, электр қуатының тұрақты берілуін қамтамасыз ету және апаттық жағдайлардың алдын алу мәселелерін көтеру. Тұрғындар тарапынан түскен өтініштер негізінде электр инфрақұрылымын жақсарту бағытында тиісті жұмыстар жүргізуге ықпал ету.

НЕГІЗГІ МАҚСАТ.

Әйтеке би кентіндегі тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу, инфрақұрылымды дамыту және келешек ұрпақ үшін қауіпсіз, қолайлы әрі көркейген орта қалыптастыру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МУСИРОВ ИСААХМЕТ ИСАБАЕВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мусиров Исаахмет Исабаевич 1974 жылы 16 наурызда Қазалы ауданы, Қазалы қаласында дүниеге келген.

Білімі жоғары. 1997 жылы Қызылорда политехникалық институтын «Инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1998-2004 жылдары Қазалы суландыру жүйесінің бөлімше бастығы болып бастаған.

2004-2008 жылдары Қазалы агротехникалық коледжінің мұғалімі;

2008-2011 жылдары Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы;

2011-2016 жылдары «Сумен жабдықтау нысандарын жөндеу және пайдалану» МКК директоры;

2016-2017 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы;

2017-2019 жылдары «Сенім табиғат» ЖШС директоры;

2019-2022 жылдары «ҚАЗСУШАР» РМК Қызылорда филиалының Қазалы ауданындағы өндірістік учаскесінің бастығы;

2022-2026 жылдары «Сенім табиғат» ЖШС-нің бөлімше бастығы;

2026 жылдың наурыз айынан бастап «Қазалы су сервис» МКК директоры қызметін атқарып келеді.

Қазалы аудандық мәслихатының VII шақырылымының депутаты.

Отбасылы, 2 ұл, 4 қыз тәрбиелеп отыр.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МУСИРОВ ИСААХМЕТ ИСАБАЕВИЧТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық бөлігінде әлеуметтік тұрақтылықты нығайту, тұрғындардың белсенділігін арттыру және заманауи өмір сүру кеңістігін қалыптастыру бағытындағы міндеттерім

1. Жаяу жүргіншілер аймақтарын жаңарту

Адамдар көп жүретін көшелердегі тротуарларды ретке келтіру, қауіпсіз өткелдер мен ыңғайлы жүргінші жолдарын қалыптастыруға ықпал ету.

2. Қоғамдық орындардың қауіпсіздігін күшейту

Халық көп шоғырланатын аумақтарға бейнебақылау жүйелерін орнату және қоғамдық тәртіпті нығайту шараларын қолдау.

3. Көгалдандырудың жаңа тәсілдерін енгізу

Кент орталығына сәндік ағаштар мен гүлзарлар отырғызу, жасыл аймақтарды күтіп ұстау жұмыстарын жүйелеуге атсалысу.

4. Жастардың кәсіптік дамуына жағдай жасау

Жастарды кәсіби бағдарлау, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ету.

5. Тұрмыстық қалдықтарды басқаруды жетілдіру

Қоқыс жинау орындарын реттеу, контейнерлерді жаңарту және қалдықтарды уақытылы шығару мәселелерін шешуге атсалысу.

6. Отбасылық құндылықтар мен қоғамдық бірлікті нығайту

Отбасыларға арналған мәдени-танымдық шараларды қолдау, ұрпақтар сабақтастығын және тұрғындардың өзара ынтымақтастығын дамытуға ықпал ету.

7.Кенттің сәулеттік келбетін сақтау

Қоғамдық ғимараттардың сыртқы келбетін жақсарту, көрнекі ақпарат құралдарын реттеу және елді мекеннің эстетикалық тартымдылығын арттыруға ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НАЗАРОВА ИНДИРА АБИЛКАСИНОВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Назарова Индира Абилкасиновна 1970 жылғы 24 шілдеде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген.

1977 жылы Қазалы ауданындағы №17 Батыс Қазақстан темiржол мектебіне оқуға барып, 1987 жылы тәмамдаған. Жастайынан білімге құштар Индира Әбилқасиновна мектепті бітірген соң, Ресей Федерациясының Брянск қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1992 жылы аталмыш оқу орнын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2005 жылы «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықты.

Индира Әбилқасиновнаның еңбек жолы 1992 жылдың қыркүйек айынан бастау алады. Алғашқы қызметін Қазақстан Жастар Одағы Қазалы аудандық комитетінде нұсқаушы болып бастап, бір жыл ішінде ұйымдастырушылық қабілетімен, жауапкершілікпен ерекшеленді. 1993-1999 жылдары аталған мекеменің мектеп бөлімінің меңгерушісі ретінде жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелермен айналысты.

1999 жылдан бастап кітапхана саласында еңбек жолын жалғастырып, 2002 жылға дейін аудандық кітапхананың №5 филиалында кітапханашы қызметін атқарды. 2002-2003 жылдары аудандық орталық кітапханада жұмыс істеп, кәсіби біліктілігімен танылды. 2003 жылдың мамыр айынан бастап аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі қызметіне тағайындалып, бүлдіршіндер мен жас оқырмандарды кітап әлеміне баулу ісіне ерекше көңіл бөлді.

2007 жылдың 15 маусымынан бастап кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі лауазымында еңбек етіп, кітапхана қорын сапалы және мазмұнды әдебиеттермен толықтыру ісіне елеулі үлес қосты.

2015 жылдың 8 қазанынан бері «Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

Көпжылдық қызметте Индира Әбилқасиновна аудан және облыс әкімдерінің Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Алғыс хатына да ие болған.

Отбасылық өмірінде бір баланың ардақты анасы.

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НАЗАРОВА ИНДИРА АБИЛКАСИНОВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласының батыс бөлігі мен «Аранды», «Өркендеу» ауылдық округтерінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, елді мекендердің инфрақұрылымын жетілдіру және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі бастамаларым.

1.Ауыл шаруашылығына қолайлы жағдай жасау

Мал шаруашылығын дамыту, жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану және ауыл еңбеккерлерінің мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуына ықпал ету.

2. Әлеуметтік нысандардың мүмкіндігін кеңейту

Мектептер мен медициналық мекемелердің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға атсалысу.

3. Елді мекендердің жол қатынасын жетілдіру

Қала және ауыл көшелеріндегі жөндеуді қажет ететін жолдарды жаңарту, қиыршық тас пен асфальт төсеу мәселелерін көтеру.

4. Ауызсумен қамту жүйесін жаңғырту

Тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, су құбырларының жағдайын жақсарту және су тапшылығының алдын алуға ықпал ету.

5. Ауыл жастарының дамуына қолдау көрсету

Жастарға арналған спорттық және мәдени іс-шараларды көбейту, шығармашылық бастамаларды дамытуға жағдай жасау.

6. Қоғамдық орындардың жайлылығын арттыру

Балалар ойын алаңдарын ұйымдастыру, демалыс орындарын көркейту және елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарына атсалысу.

7. Ауылдық ветеринариялық қызметті жетілдіру

Мал ауруларының алдын алу, ветеринариялық қызметтің қолжетімділігін арттыру және мал шаруашылығындағы санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БАИБУЛЕКОВ ЖАНГАЗЫ МАЛБАГАРОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Баибулеков Жангазы Малбагарович 1978 жылы 9 қаңтарда Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген. 1995 жылы Жаңақазалы поселкесіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебін бітірген. 2003 жылы Тараз қаласындағы университеттің автокөлік факультетін «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша бітірген. 2003-2013 жылдары «РЗА» акционерлік қоғамында шебер қызметін атқарған. 2014 жылдан бастап «Нұрас и Компания» ЖШС-де учаске бастығы болып жұмыс атқарып келеді.

Отбасылы, зайыбы Бекетова Марал екеуі 1 қыз, 2 ұл бала тәрбиелеуде.

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БАИБУЛЕКОВ ЖАНГАЗЫ МАЛБАГАРОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің оңтүстік және оңтүстік-батыс бөліктерінде әлеуметтік мүмкіндіктерді кеңейту, қоғамдық игілікті арттыру және тұрақты даму ортасын қалыптастыру жөніндегі міндеттерім.

1. Қолжетімді қоғамдық орта қалыптастыру

Қарттар мен ерекше қажеттілігі бар азаматтардың еркін қозғалуына жағдай жасау, қоғамдық орындардың қолжетімділігін жақсартуға ықпал ету.

2.Энергия үнемдеу және тиімді жарықтандыру

Көшелерге энергия үнемдейтін жарық шамдарын орнату, қолданыстағы жүйелерді жаңарту және электр қуатын тиімді пайдалануға атсалысу.

3. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру

Аумақты көгалдандыру, тазалық акцияларын ұйымдастыру және тұрғындардың қоршаған ортаға жауапкершілігін арттыратын бастамаларды қолдау.

4. Ана мен балаға қолайлы жағдай жасау

Отбасыларға арналған әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, балалардың дамуына бағытталған қоғамдық жобаларға қолдау көрсету.

5. Жергілікті кәсіпкерлік әлеуетін кеңейту

Шағын кәсіп иелерінің бастамаларын қолдау, қызмет көрсету саласын дамыту және кәсіпкерлікке қатысты мәселелерді көтеру.

6. Мәдени және рухани өмірді жандандыру

Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шараларды, шығармашылық үйірмелерді және тұрғындардың қоғамдық белсенділігін арттыратын жобаларды қолдау.

7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Тұрғындар арасында профилактикалық шараларды насихаттау, денсаулықты нығайтуға бағытталған қоғамдық жобаларды қолдау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ



№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЖІБАЙ ӘМИН ОТАРҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Әжібай Әмин Отарұлы 1973 жылы 29 қаңтарда Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім. 1980-1990 жылдары №17 орта мектепті оқып бітірдім. 1991-1993 жылдары Отан алдындағы борышымды өтеп келдім. 1996 жылдан бастап «Қазалы-Теміржолжылу» орталығында слесарь, аппаратшы, жөндеу шебері, аға шебері болып жұмыс істедім. 2006-2010 жылдары Қызылорда қаласындағы Агротехникалық колледжді «Вагон жөндеу» мамандығы бойынша тамамдадым.

2024 жылдан бастап «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының бас инженері қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын, 5 бала тәрбиелеп отырмын.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЖІБАЙ ӘМИН ОТАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Құмжиек», Басықара, «Қарашеңгел» және «Сарыкөл» ауылдық округтері аумағында ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және елді мекендердің өркендеуіне бағытталған бастамаларым

1. Ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру

Мал және егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қолжетімділігін арттыруға, ауыл кәсіпкерлігін дамытуға ықпал ету.

2.Ауылдық медициналық қызметті жетілдіру

Елді мекендердегі медициналық пункттердің жағдайын жақсарту, қажетті құрал-жабдықтармен қамту және медициналық қызмет сапасын арттыру мәселелерін көтеру.

3. Ауылішілік жолдарды жаңғырту

Елді мекендердегі жөндеуді қажет ететін көшелерге асфальт және қиыршық тас төсеуге, ауылдар арасындағы жол қатынасын жақсартуға атсалысу.

4. Жастарға арналған мүмкіндіктерді кеңейту

Ауыл жастарының спортпен, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау, мәдени және спорттық бастамаларды қолдау.

5. Ауызсумен қамту сапасын жақсарту

Ауыл тұрғындарын таза ауызсумен тұрақты қамтамасыз ету, су құбырларын жаңарту және сумен жабдықтау мәселелерінің шешілуіне ықпал ету.

6. Білім беру нысандарын қолдау

Ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім беру жағдайын жақсарту және оқушыларға қолайлы орта қалыптастыруға атсалысу.

7. Мал жайылымдары мен шабындықтарды тиімді пайдалану

Жайылымдық жерлердің қолжетімділігін арттыру, мал азығын дайындауға қолайлы жағдай жасау және жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін көтеру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЫРГАЛИЕВ АКЫЛБЕК КАЖИГАЛИЕВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сыргалиев Акылбек Кажигалиевич 1987 жылдың 11 желтоқсанында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» аулында дүниеге келдім.

1993 жылы сол ауылдағы №97 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 2004 жылы бітіріп шықтым.

2006 жылы Қызылорда қаласындағы М.Маметова атындағы педагогикалық колледжіне оқуға түсіп, 2009 жылы «Мәдени-ағарту жұмысы және халықтық шығармашылық» мамандығы бойынша білім алып шықтым.

2009-2014 жылдары «Аранды» ауылдық клубының меңгерушісі қызметін атқардым.

2014 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің сырттай бөліміне оқуға қабылданып, 2017 жылы «Музыкалық білім» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2019-2025 жылдары «Құмжиек» ауылдық округі әкімі аппаратының «Қ.Пірімов ауылдық клубы» МКҚК-ның меңгерушісі қызметін атқардым.

Қазіргі таңда, яғни 2025 жылдың мамыр айынан бастап Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппаратының «Ғ.Мұратбаев ауылдық мәдениет Үйі» МКҚК-ның директоры қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын.

№9 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЫРГАЛИЕВ АКЫЛБЕК КАЖИГАЛИЕВИЧТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық бөлігін жан-жақты дамыту, тұрғындардың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету және қоғамдық ортаны жаңғырту жөніндегі бастамаларым

1. Орталық аумақтың сәулеттік келбетін жақсарту

Кент орталығындағы ғимараттар мен қоғамдық орындардың сыртқы келбетін ретке келтіру, аумақтың эстетикалық тартымдылығын арттыруға ықпал ету.

2. Қоғамдық көлік қызметін жетілдіру

Тұрғындарға қолайлы көлік қатынасын ұйымдастыру, аялдамалардың жағдайын жақсарту және қозғалыс бағыттарын оңтайландыру мәселелерін көтеру.

3. Жаңбыр суын бұру жүйесін реттеу

Жауын-шашын кезінде су жиналатын учаскелерді анықтау, су бұру арналарының жағдайын жақсартуға және су басудың алдын алуға атсалысу.

4. Сауда орындарының қолайлылығын арттыру

Сауда нысандары маңындағы тазалықты сақтау, автотұрақтарды реттеу және тұрғындарға ыңғайлы қызмет көрсету ортасын қалыптастыруға ықпал ету.

5. Мәдени іс-шараларға қолдау көрсету

Ұлттық мерекелерді, мәдени-таным дық кездесулерді және қоғамдық бастамаларды ұйымдастыруға атсалысып, тұрғындардың мәдени өмірге қатысуын арттыру.

6. Қоғамдық нысандардың қолжетімділігін кеңейту

Қарттар мен ерекше қажеттілігі бар азаматтардың мемлекеттік және әлеуметтік нысандарға кедергісіз кіруіне жағдай жасауға ықпал ету.

7. Тұрғындардың ұсыныстарын іске асыру

Халықпен тұрақты кездесулер өткізу, маңызды мәселелерді тиісті мекемелерге жеткізу және олардың шешілу барысын бақылауда ұстау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЙМІШ СЕРІК КИІКБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Әймiш Серік Киікбайұлы 1968 жылы 11мамырда Қазалы қаласында дүниеге келдім. Ғ.Мұратбаев атындағы №17 қазақ орта мектебіне 1975 жылы оқуға барып, 1985 жылы бітіріп шықтым. 1986-1988 жылдары әскер қатарында борышымды өтеп шықтым. 1989-1992 жылдары Алматы гидромелиоративтік техникумін «техник-гидротехник» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Қызылорда Ақмешіт гуманитарлық институтында «эколог» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. 1992-1995 жылдары Қазалы су шаруашылығы мекемесінде гидротехник болып жұмыс істедім. 1995-2012 жылдары Қазалы орман шаруашылығы мекемесінде жүргізуші, орман шебері, тұқым бақ меңгерушісі қызметтерін атқардым. 2012 жылдың 6 қаңтарынан бастап, 2019 жылдың тамыз айына дейін Орман селекциялық орталығы оңтүстік аймақ филиалы директоры қызметін атқардым. 2020 жылдан осы уақытқа дейін «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» мемлекеттік мекемесінде орманшы (инспектор), орманшылық басшысының көмекшісі, орманшылық басшысы, орман және аң қорғау бас инженері, мекеме директорының орынбасары қызметтерін атқарып келемін.

Отбасылымын, жанұямда 4 балам бар.

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЙМІШ СЕРІК КИІКБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

5 квартал аумағының өркендеуіне, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және қолайлы қоғамдық орта қалыптастыруға бағытталған бастамалар

1. Көше жолдарын жаңғырту және қауіпсіздікті арттыру

5 квартал аумағындағы жолдардың сапасын жақсарту, жөндеуді қажет ететін көшелерді кезең-кезеңімен жаңғыртуға ықпал ету. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол белгілері мен қажетті өткелдерді орнату мәселесін көтеру.

2. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында қажетті аумақтарға бейнебақылау камераларын орнатуға, көшелердің жарықтандырылуын жақсартуға және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейтуге ықпал ету.

3. Тұрғындарға қолайлы демалыс орындарын қалыптастыру

Аумақты абаттандыру, тұрғындардың тынығуына арналған шағын демалыс аймақтарын ұйымдастыру, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату мәселелерін көтеру. Қоғамдық кеңістіктердің тазалығы мен қолайлылығын арттыруға атсалысу.

4. Әлеуметтік қолдауды күшейту

Аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың, зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік мәселелеріне назар аударту. Мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімді болуына және мұқтаж азаматтарға қажетті көмектің көрсетілуіне ықпал ету.

5. Инженерлік желілердің сапасын арттыру

Ауызсу, электр энергиясы және өзге де коммуналдық қызметтердің үздіксіз әрі сапалы көрсетілуіне ықпал ету. Тұрғындар тарапынан көтерілген инфрақұрылымдық мәселелерді тиісті мекемелермен бірлесе шешуге атсалысу.

6. Жастар бастамаларын қолдау

Жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау, мәдени-спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету. Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне бағытталған жобалардың жүзеге асуына ықпал ету.

7. Халықпен ашық әрі тұрақты байланыс орнату

Тұрғындармен жүйелі кездесулер өткізіп, олардың ұсыныстары мен өтініштерін назарда ұстау. Көтерілген мәселелердің шешілуіне тиісті мемлекеттік органдар арқылы ықпал етіп, атқарылған жұмыстар жөнінде халыққа тұрақты ақпарат беріп отыру.

Басты ұстанымым – халық сенімін ақтау, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ асып, 5 кварталдың дамуына нақты істер арқылы үлес қосу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ



№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЗЖАНОВ ЖАНБОЛАТ КАСКИРБЕКОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Изжанов Жанболат Каскирбекович 1988 жылы 13 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылында дүниеге келген.

1995 жылы «Өркендеу» ауылындағы №104 мектепке қабылданып, 2006 жылы аталған мектепті бітірді.

2006–2010 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетінде білім алып, «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алды.

2010 жылдан бастап Е.Бозғұлов атындағы мектепте құқық негіздері пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Отбасылы, үш баласы бар.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЗЖАНОВ ЖАНБОЛАТ КАСКИРБЕКОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентіндегі 5 кварталдың әлеуметтік әлеуетін арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және аумақтың тұрақты дамуына үлес қосу жөніндегі міндеттерім.

1. Қауіпсіз қоғамдық орта құру

Қажетті орындарға бейнебақылау камераларын орнату және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейтуге ықпал ету.

2. Жаяу жүргіншілерге жағдай жасау

Тротуарлар салу, жаяу жүргіншілер өткелдерін реттеу және жол белгілерін жаңарту мәселелерін көтеру.

3. Демалыс аймақтарын ұйымдастыру

Тұрғындарға арналған шағын саябақтар мен тыныңу орындарын қалыптастыру, қоғамдық кеңістіктерді тиімді пайдалануға атсалысу.

4. Жастар мен спортты қолдау

Ашық спорт алаңдарын көбейтуге, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және спорттық бастамаларды дамытуға ықпал ету.

5. Санитарлық тазалықты жақсарту

Қоқыс шығару қызметінің сапасын арттыру, қоқыс контейнерлерін орналастыру және тазалық жұмыстарын жүйелеуге атсалысу.

6. Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау

Шағын кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасау, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына бағытталған бастамаларды қолдау.

7.Ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету

Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, көтерілген мәселелердің орындалуын қадағалау және атқарылған жұмыстар туралы есеп беру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖУСУПОВА ГУЛЖАЗИРА АЛИЕВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Жусупова Гулжазира Алиевна 1975 жылы 26 желтоқсанда Қазалы ауданы, Қожабақы ауылында дүниеге келген.

1983-1993 жылдары №25 орта мектепте оқып білім алған.

Ақмола қаласындағы автокөлік техникумын аудит-есепші мамандығы бойынша бітірген.

М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық техникалық коледжінде оқып, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі мамандығын алған.

Еңбек жолын 2010 жылы Қазалы қаласындағы №1 «Ақерке» бөбекжай бала бақшасында көмекші-тәрбиеші болып бастаған. 2016 жылдан бастап балабақшаның тәрбиешісі болып жұмыс істеген.

2025 жылдан «Ақерке» бала бақшасының меңгерушісі.

Қызылорда «Болашақ» университетінен мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие мамандығын алған.

Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр.

№1 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖУСУПОВА ГУЛЖАЗИРА АЛИЕВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентіндегі 5 квартал аумағын көркейту, инфрақұрылымын жаңғырту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жолындағы нақты бастамаларым.

1. Жол инфрақұрылымын жақсарту

5 квартал аумағындағы көшелердің жол сапасын жақсарту, жөндеуді қажет ететін жолдарға асфальт, қиыршық тас төсеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету. Тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысына жағдай жасау.

2. Көшелерді жарықтандыру

Аумақтағы жарықтандырылмаған көшелерге түнгі жарық шамдарын орнату және қолданыстағы жарық жүйелерін жаңғырту мәселесін көтеру. Тұрғындардың, әсіресе балалар мен қарттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ету.

3. Аумақты абаттандыру және көгалдандыру

5 квартал аумағының санитарлық тазалығын сақтау, көшелерді көркейту, ағаш отырғызу және жасыл аймақтарды көбейту жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысу. Тұрғындарға таза әрі жайлы орта қалыптастыру.

4. Балалар ойын алаңдарын салу

Балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау мақсатында заманауи ойын алаңдарын орнатуға, қолданыстағы алаңдарды жөндеуге және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ету.

5. Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту

Ауызсу, электр және кәріз жүйелеріне қатысты тұрғындарды толғандырған мәселелердің шешілуіне ықпал ету. Тозығы жеткен инженерлік желілерді жаңарту және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

6. Бұқаралық спортты дамыту

Жастар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында шағын спорт алаңдарын салуға, спорттық нысандарды қолжетімді етуге және бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету.

7. Тұрғындармен тұрақты байланыс орнату

5 квартал тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдау, өзекті мәселелерін тиісті мекемелерге жеткізу және олардың шешілу барысын бақылауда ұстау. Халық пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы байланысты нығайтып, тұрғындар мүддесін қорғауға күш салу.

Басты мақсатым: 5 квартал аумағын тұрғындар үшін қауіпсіз, таза, жайлы әрі өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруға өз үлесімді қосу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САДЫҚ ЖАНБАЙ ЕРСАЙЫНҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Садық Жанбай Ерсайынұлы 1971 жылы 9 қарашада Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім. Әйтеке би кентіндегі №17 қазақ орта темір жол мектебін бітірдім. Қызылорда Политехникумын «Гидромелиорация» мамандығы бойынша, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін “Су ресурстары және суды қолдану” мамандығы бойынша бітірдім.

Отбасымда жолдасым, төрт қызым, бір ұлым бар. “ Қазалысушар” өндірістік учаскесінде басшының орынбасары болып қызмет атқарамын.

№6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САДЫҚ ЖАНБАЙ ЕРСАЙЫНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық бөлігін жаңғырту, инфрақұрылымын жетілдіру және тұрғындарға жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған бастамаларым

1. Орталық көшелердің келбетін жаңарту

Округ аумағындағы көшелердің жол жабындысын жақсарту, жөндеуді қажет ететін учаскелерді жаңғырту және көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасауға ықпал ету.

2. Заманауи жарықтандыру жүйесін қалыптастыру

Көшелер мен қоғамдық орындарды жарықтандыру сапасын арттыру, ескірген шамдарды ауыстыру және қосымша жарық көздерін орнатуға атсалысу.

3. Тұрғын үйлер маңын көркейту

Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру, жаяу жүргіншілер жолдарын ретке келтіру және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыруға ықпал ету.

4. Балалардың қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету

Балалар ойын алаңдарын жаңарту, қауіпсіз ойын жабдықтарын орнату және отбасылық демалыс орындарын көбейту мәселесін көтеру.

5. Коммуналдық жүйелердің тұрақтылығын арттыру

Ауызсу, электр және кәріз желілерінің сапалы жұмыс істеуіне, тозған инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңартуға ықпал ету.

6. Әлеуметтік қамқорлықты кеңейту

Зейнеткерлердің, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың өзекті мәселелерін көтеріп, мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімді болуына атсалысу.

7. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу

Тұрғын үйлер мен қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына және түсіндіру жұмыстарының жүргізілуіне ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЛЬЯСОВ ОРЫНБЕК СЕРИКОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Ильясов Орынбек Серикович 11 желтоқсан 1986 жылы Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде туылған.

1993-2004 жылдары Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектепті оқып бітірген.

2004-2008 жылдары М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында оқып жоғары білім алған.

Мамандығы: экономика бакалавры.

2008-2012 жылдары Қазақ қатынас жолдары университетінің көлік техникасы және технологиялары факультетін бітірген.

Еңбек жолын 2008-2013 жылдары «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның «Қостанай вагон жөндеу депосында» инженер-технолог, инженер-экономист және слесарь болып қызмет атқарған. 2014-2017 жылдары Қазақстан темір жолында вагон жолсерігі, 2017-2021 жылдары «Түркісіб-Астана» ЖШС-де жолсерік.

2021 жылдан бастап «ДСУ-2010» ЖШС директоры болып қызмет атқарып келеді.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ИЛЬЯСОВ ОРЫНБЕК СЕРИКОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің батыс және солтүстік-батыс бөліктерінде қоғамдық ортаны жақсарту, әлеуметтік мүмкіндіктерді кеңейту және тұрғындардың әл-ауқатын көтеру жөніндегі міндеттерім

1. Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Тротуарлар салуға, жаяу жүргіншілер өткелдерін реттеуге және жол белгілерін жаңартуға ықпал ету.

2. Қоғамдық кеңістіктердің тазалығын сақтау

Қоқыс жинау орындарын ретке келтіру, қалдықтарды уақытылы шығару және санитарлық тазалық жұмыстарын жетілдіруге атсалысу.

3. Жастардың спорттық белсенділігін арттыру

Ашық спорт алаңдарын көбейту, бұқаралық спортты қолдау және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ету.

4. Шағын бизнестің дамуына жағдай жасау

Жергілікті жастардың кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау, қызмет көрсету саласын дамыту және жаңа жұмыс орындарының ашылуына атсалысу.

5. Қоғамдық тәртіпті нығайту шаралары

Қажетті орындарға бейнебақылау камераларын орнату, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейтуге ықпал ету.

6. Білім мен мәдениетке қолжетімділікті арттыру

Балалар мен жастардың шығармашылық дамуына, мәдени іс-шараларға қатысуына және білім беру бастамаларының жүзеге асуына қолдау көрсету.

7. Қоғамдық кітап оқу мәдениетін дамыту

Кітап оқу бастамаларын қолдау, кітапханалардың қолжетімділігін арттыру және жастардың білімге қызығушылығын ынталандыруға атсалысу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ДУЮСОВ УМИРБЕК АБДУЛЛАЕВИЧТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Дуюсов Умирбек Абдуллаевич, Қазалы ауданы, Басықара ауылында 1985 жылдың 20 маусымында дүниеге келдім. 1992 жылы қазіргі №182 орта мектебіне 1 сыныпқа қабылдандым. 2002 жылы аталған мектепті бітірдім. 2004 жылы Астана қаласындағы КАЗГЮ университетінің қаржы мамандығына түсіп, 2009 жылы аталған университетен «қаржы маманы» дипломын алдым. 2010 жылдың қаңтар айында Қазалы ауданы, «Ақсуат» ауылындағы №100 мектепте есепші болып жұмысқа қабылдандым. 2013 жылы Қазалы аудандық білім бөліміне экономист қызметіне ауыстым. 2018 жылдың ақпан айынан бастап мемлекеттік сатып алу бөлімінің маманы қызметіне тағайындалдым. 2021 жылдан бастап жеке кәсіпкер ретінде жұмыс атқардым. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап Әйтеке би кентіндегі №288 орта мектепте директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін және дене шынықтыру пәні педагогімін.

Отбасылымын.

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ДУЮСОВ УМИРБЕК АБДУЛЛАЕВИЧТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Алға», «Ақжона» және «Майдакөл» ауылдық округтерінің әлеуметтік әлеуетін арттыруға және елді мекендерді көркейтуге бағытталған негізгі басымдықтар

1. Білім беру инфрақұрылымын жетілдіру

Бекарыстан би ауылында заманауи талаптарға сай жаңа мектеп ғимаратын салу мәселесінің шешілуіне ықпал ету.

2. Тарихи мұраны дәріптеу

2027 жылы Үрмәш Түктібаевтың туғанына 110 жыл толуына орай Ү.Түктібаев аулындағы саябақты абаттандыру және көркейту жұмыстарын жүргізуге ықпал ету.

3. Бақша шаруашылығын дамыту

«Ақжона» ауылдық округіндегі «Мыңшұқыр» учаскесінде тұрғындардың бақша егуіне және суармалы жерлерді тиімді пайдалануына жағдай жасау.

4. Қоғамдық орындарды абаттандыру

Бекарыстан би аулындағы «Тәуелсіздік» алаңын көркейту, көгалдандыру және тұрғындардың демалысына қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал ету.

5. Ауыл көшелерін жаңарту

«Майдакөл» аулындағы Алмас Кітабалиев көшесін орташа жөндеуге қажетті қаржының облыстық бюджеттен бөлінуіне ықпал ету.

6. Ауыл шаруашылығы жобаларын қолдау

«Майдакөл» ауылында мал суаруға арналған су ұңғымасын қазу жобасының құжаттамасын әзірлеуге қажетті қаржыландыру мәселесін шешуге ықпал ету.

7. Елді мекендердің коммуналдық жағдайын жақсарту

«Алға», «Ақжона» және «Майдакөл» ауылдық округтеріндегі инженерлік желілерді жаңғырту, коммуналдық инфрақұрылымды жетілдіру және тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды қолдау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚАЛЫМБЕТ ЖАРҚЫНБАЙ АҒЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Қалымбет Жарқынбай Ағыбайұлы 1971 жылы 27 ақпанда Қазалы ауданы, «Арықбалық» ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

1979 жылы бұрынғы «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы совхоз, қазіргі «Жанқожа батыр» ауылындағы №94 мектепке 1 сыныпқа қабылданып, 1989 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

1989 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынып, Германия елінде болып, әскери борышын 1991 жылы атқарып келген.

1992-1995 жылдары Өзбекстан Республикасындағы «Ақ алтын» гидромелиоративтік техникумында оқып, «Құрылысшы-техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1999-2004 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірген.

1997-2004 жылдары Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебінде алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі қызметін атқарды.

2004 жылдың желтоқсан айынан 2006 жылдың тамыз айына дейінгі аралықта аталған мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

2006 жылдың қыркүйегінен 2008 жылдың қыркүйегіне дейін Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2008 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында жемісті еңбектері ескеріліп, 2008 жылдың желтоқсан айынан бастап «Тасарық» аулындағы №238 орта мектептің директоры болып тағайындалды.

2010 жылдың қазан айынан бастап Қазалы аудандық архиві мекемесінің басшысы болып қызмет атқарып келеді.

Отбасылы.

Әр жылдары облыс, аудан әкімдерінің және де салалық басшылардың Алғыстарымен марапатталған.

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚАЛЫМБЕТОВ ЖАРҚЫНБАЙ АҒЫБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Алға», «Ақжона» және «Майдакөл» ауылдық округтерінің инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған негізгі басымдықтар.

1. Ауылішілік жолдарды жақсарту

«Алға» ауылдық округіндегі жөндеуді қажет ететін көшелерді кезең-кезеңімен жөндеуге және жол қатынасын жақсартуға ықпал ету.

2. Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту

«Ақжона» ауылдық округіндегі 14,8 шақырымдық «Бозарық» каналын тазалау және төрт тоспалы шлюз салу жұмыстарын жүзеге асыруға ықпал ету.

3. Электр желілерін жаңғырту

Бекарыстан би ауылындағы М. Күзенбаев және М. Ізмағамбетов көшелерінің электр желілерін жаңғыртуға, төрт трансформатор орнатуға ықпал ету.

4. Мал шаруашылығын сумен қамтамасыз ету

«Алға» ауылдық округінде екі, «Ақжона» ауылдық округінде бір су ұңғымасын қазу мәселелерінің шешілуіне ықпал ету.

5. Жаяу жүргіншілер жолын салу

«Майдакөл» аулындағы жоба-сметалық құжаттамасы әзірленген жаяу жүргіншілер жолын салуға қажетті қаржының бөлінуіне ықпал ету.

6. Көшенің жарықтандыру жүйесін жетілдіру

«Алға» және «Майдакөл» ауылдық округтеріндегі көшелерге жарықшамдар орнату және қолданыстағы жарықтандыру жүйесін жақсарту мәселелерін көтеру.

7. Күрделі жол жөндеу жобаларын іске асыру

Бекарыстан би ауылындағы Жетес Ешниязов, М.Күзембаев және Е. Тілеубаев көшелерінің күрделі жөндеу жобаларының жүзеге асырылуына ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АДИЛБАЕВ ТАЛГАТБЕК КАРАЖАНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Адилбаев Талгатбек Каражанович 1960 жылдың 21 шілдесінде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде ұстаздар отбасында дүниеге келдім. 1967 жылы М. Счастнов атындағы № 419 мектепке оқуға барып, 1972 жылға дейін осы мектепте оқып, отбасы жағдайыма байланысты Ү.Түктібаев атындағы №24 мектепке ауысып, 1977 жылы бітірдім.

Еңбек жолымды 1977-1979 жылдары Қазалы аудандық «Сельхозснабжение» мекемесінде жұмысшы болып бастадым. 1979 жылы «Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының» Былғары және тері технологиясы" факультетіне оқуға түсіп, 1984 жылы «инженер-химик- технолог» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 1984-1997 жылдары Қазалы аудандық кооперативтік дайындау мекемесінде товаровед, аға товаровед, мекеме басшысының орынбасары, мекеме басшысы қызметін атқардым. 1997- 2003 жылдары фирма " Тілеп ЖШС" мекемесінде директордың орынбасары қызметін атқардым. 2003 жылы "Ырыс - Болашақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, 2013 жылға дейін осы серіктестіктің басшысы болдым.

2004 жылы Қызылорда экономика, экология және құқықтық академиялық университетіне түсіп, 2006 жылы осы университеттің "Қаржы" мамандығы бойынша «бакалавр» толық курсын бітірдім. Қазіргі уақытта жеке кәсіпкермін.

Отбасылымын, жауямда анам Ықыласова Үрпатша ардагер ұстаз, жолдасым Ербасова Назгүл Бегімбайқызы жоғары білімді, Қазалы станциясына қарасты жүк тасымалдау мекемесінде аға кассир болып жұмыс атқарды. Қазіргі уақытта зейнеткер. Екі қызым бар. Екеуі де жоғары білімді. Үлкен қызым, Қаражан Әмина Талғатбекқызы, Алматы қаласындағы " Сұңқар" клиникасында білікті врач- радиолог, екінші қызым Қаражан Фариза Талғатбекқызы , № 226 мектеп гимназияда ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АДИЛБАЕВ ТАЛГАТБЕК КАРАЖАНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Инфрақұрылымды жаңғырту және елді мекендердің тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы басым міндеттер.

Сайлау округіме Әйтеке би кентіндегі 5 квартал мен Арал ауданының кейбір елді мекендері кіреді.

1. Жол сапасын жақсарту

5 квартал мен Арал ауданының елді мекендеріндегі жөндеуді қажет ететін көшелер мен автомобиль жолдарын кезең-кезеңімен жаңартуға ықпал ету.

2. Ауыз сумен қамтамасыз ету

Елді мекендердегі ауыз су жүйелерін жаңғырту, су желілерінің тозуын азайту және сапалы ауыз суға қолжетімділікті арттыру.

3. Электр желілерін жаңарту

Ескірген электр желілері мен трансформаторларды ауыстыру, электр қуатының тұрақты берілуіне жағдай жасау.

4. Табиғи газбен қамту

Газдандырылмаған елді мекендерді табиғи газға қосу жобаларын әзірлеу және қаржыландыру мәселелерін көтеру.

5. Көше жарығын кеңейту

Елді мекендердің жарықтандырылмаған көшелеріне заманауи жарықшамдар орнатуға ықпал ету.

6. Әлеуметтік нысандарды жаңғырту

Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту және жөндеуді қажет ететін ғимараттарды жаңарту.

7. Денсаулық сақтау қолжетімділігі

Ауылдық медициналық мекемелердің жабдықталуын жақсарту және тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге жағдай жасау.

8. Елді мекендерді абаттандыру

Қоғамдық орындарды көркейту, балалар ойын алаңдарын салу және демалыс аймақтарын қалыптастыру.

9. Су бұру жүйелерін жетілдіру

Жауын-шашын мен еріген қар суын бұруға қажетті инфрақұрылымды дамыту, су басу қаупі бар аумақтардың мәселелерін шешуге ықпал ету.

10. Қоғамдық көлік қатынасын жақсарту

Елді мекендер арасындағы жолаушылар тасымалының қолжетімділігін арттыру және көлік қатынасын ұйымдастыру мәселелерін көтеру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚАМЫСБАЕВ ҚАМБАР ТЕМІРБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Қамысбаев Қамбар Темірбекұлы, 1992 жылы 28 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келдім.

2011 жылы Қазалы ауданындағы №226 мектеп-гимназиясын бітірдім.

2015 жылы Алматы қаласындағы «Мұхамеджан Тынышбаев атындағы ALT университеті» акционерлік қоғамының «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша тәмамдап, бакалавр дәрежесін алдым.

2017 жылы аталған жоғары оқу орнында «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта магистратураны аяқтап, магистр дәрежесіне ие болдым.

2017 жылы отбасын құрдым. Қазіргі таңда үш баланың әкесімін.

2018 жылдан бастап кәсіпкерлік қызметпен айналысып келемін. Алғашында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, «ЖК Қамбар» атауымен өз кәсібімді дамыттым. Кейін кәсіпкерлік қызметімді кеңейтіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестік деңгейіне көтердім.

2025 жылғы 25 желтоқсанда «EL QYZMET» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік тіркеуден өтті. Серіктестіктің құрылтайшысы әрі басшысы болып табыламын.

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметімді туған жерім – Қазалы ауданының дамуына бағыттап келемін. Аудан аумағындағы абаттандыру және көше жарықтандыру жұмыстарын қолға алып, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға өз үлесімді қосып жүрмін. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және кәсіпкерлікті дамытуға басымдық беремін.

Мен үшін туған жердің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы – маңызды міндеттердің бірі. Өз кәсібімді дамыту арқылы қоғамға пайда келтіруді, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға атсалысуды азаматтық борышым деп санаймын.

Алдағы уақытта да Қазалы ауданының дамуына үлес қосып, ел игілігі жолындағы жұмыстарға белсенді атсалысуды мақсат етемін.

№5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚАМЫСБАЕВ ҚАМБАР ТЕМІРБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінің әлеуметтік әлеуетін арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі міндеттерім.

1. Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту

Қажетті аумақтарға бейнебақылау камераларын орнатуға және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған шараларды қолдау.

2. Жаяу жүргіншілерге жағдай жасау

Тротуарлар салу, жаяу жүргіншілер өткелдерін реттеу және жол белгілерін жаңартуға ықпал ету.

3. Бұқаралық спортты дамыту

Спорт алаңдарын көбейту, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасауға атсалысу.

4. Жастар бастамаларын қолдау

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мәдени-танымдық жобаларды жүзеге асыруға ықпал ету.

5. Шағын кәсіпкерлікті қолдау

Жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және тұрғындардың жұмыспен қамтылуына қолдау көрсету.

6. Санитарлық тазалықты жақсарту

Қоқыс шығару қызметін жетілдіру, контейнерлерді көбейту және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету.

7. Цифрлық мүмкіндіктерді кеңейту

Тұрғындардың электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру және цифрлық сауаттылықты дамыту бастамаларын қолдау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СИСЕН ҒАЛЫМЖАН ӘЛДЕБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сисен Ғалымжан Әлдебайұлы 1987 жылы ақпан айының 10-шы жұлдызында Қызылорда облысы, Қазалы ауданында өмірге келдім.

1993 жылы Қазалы ауданы, Басықара ауылындағы №182 орта мектептің 1 сыныбына қабылдандым.

2004 жылы осы аталған мектепті бітіргеннен кейін, М. Тынышпаев атындағы Қазақ - көлік және коммуникациялар академиясына оқуға түсіп, 2008 жылы "Көлік және көлік техникасы және технологиялары" мамандығын бітіріп шықтым.

2009-2011 жылдары "Қазалысушаруашылығы" ЕКМ кәсіпорнының оң жаға бөлімшесінің гидротехнигі, 2009 жылдың қазан айында әскер қатарына шақырылып, 2010 жылдың қазанына дейін әскери борышымды өтеп қайттым.

2013 жылы М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін "Су ресурстары және суды қолдану" мамандығы бойынша бітірдім.

2011-2015 жылдары "Қазалысушаруашылығы" мекемесінде инженер- гидротехник болып қызмет атқардым.

2015-2016 жылдары ҚР АШМ "Қазсушар" РМК Қызылорда филиалының "Ә.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабы " өндірістік учаскесінде инженер - гидротехник болып қызмет атқардым.

2016 жылдан ҚР Су ресурстары және Ирригация Министрлігі " Қазсушар" РМК Қызылорда филиалының "Ә. Тыныбаев атындағы Қазалы су торабы" өндірістік учаске басшысының орынбасары міндетін атқардым. 2026 жылдан бастап аталған мекеменің басшысымын.

Әр жылдары салалық мекеме басшыларының Алғыс хаттарымен марапатталдым.

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СИСЕН ҒАЛЫМЖАН ӘЛДЕБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ауыл шаруашылығын, әлеуметтік саланы және елді мекендердің экономикалық әлеуетін арттыру бағытындағы басым міндеттер.

1. Суару жүйелерін жетілдіру.

Ауылдық округтердегі каналдарды механикалық тазалау, су өткізу қабілетін арттыру және су арналарының жағдайын жақсартуға ықпал ету.

2. Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану

Жайылым тапшылығын азайту, шабындық жерлерді суландыру және мал шаруашылығына қажетті жағдай жасау.

3. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету

Шағын және орта бизнесті дамыту, жергілікті өндірісті кеңейту және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету.

4. Ауыл шаруашылығын дамыту

Шаруа қожалықтарының мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен жеңілдетілген қаржыландыру көздеріне қолжетімділігін арттыру.

5. Мектепке дейінгі білім беруді кеңейту

«Бозкөл» ауылында жаңа балабақша салу мәселесін көтеріп, балаларға қолайлы тәрбие ортасын қалыптастыруға ықпал ету.

6. Мәдениет саласын қолдау

«Сарыбұлақ» ауылында жаңа клуб ғимаратын салу және ауыл тұрғындарының мәдени тынығуына жағдай жасау.

7. Су ресурстарын ұтымды басқару

Гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын жақсарту және су шығынын азайтуға бағытталған жобаларды қолдау.

8. Ауыл жолдарының сапасын арттыру

Ауылдық елді мекендердің ішкі жолдарын жөндеу және көлік қатынасының қолжетімділігін жақсартуға ықпал ету.

9. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту

Ауылдардағы білім, мәдениет және спорт нысандарының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мәселелерін көтеру.

10. Ауыл экономикасын нығайту

Жергілікті тауар өндірушілерді қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мүмкіндіктерін кеңейту және ауылдағы экономикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АХМЕТОВ МАРГУЛАН БАЙТЕЛИЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Ахметов Маргулан Байтелиевич 1980 жылы 14 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген.

Білімі жоғары. 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «Саясаттану» мамандығы бойынша, 2010 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

2005–2008 жылдары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Аэроұтқыр әскерлерінде рота командирі;

2011–2024 жылдары – Қазалы ауданы ішкі саясат бөлімінің статисті;

2024–2025 жылдары – «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;

2025 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазалы абаттандыру» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы болып қызмет атқарып келеді.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АХМЕТОВ МАРГУЛАН БАЙТЕЛИЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округтердің инфрақұрылымын дамыту бағытындағы басым міндеттер.

1. Жол инфрақұрылымын жақсарту

Қожабақы, «Аранды» ауылдарының және «Бозкөл – Тасөткел» бағытындағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуден өткізуге ықпал ету.

2. Жаңа мектептер салу

Ғ.Мұратбаев және Бекарыстан би ауылдарында әрқайсысы 250 орындық жаңа мектеп ғимараттарын салу мәселесін көтеру.

3. Ауылдарды табиғи газбен қамту

«Ақсуат», Байқожа, «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы және «Аранды» ауылдарын газдандыру жобаларын жүзеге асыруға ықпал ету.

4. Электр желілерін жаңғырту

Ауылдық елді мекендердегі тозығы жеткен электр желілерін жаңарту және электр қуатының тұрақты берілуін қамтамасыз етуге қолдау көрсету.

5. Кәріз жүйесін дамыту

Әйтеке би кентінің кәріз жүйесін жаңарту үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу және қаржыландыру мәселесін көтеру.

6. Спорт нысандарын салу

Қазалы қаласы мен «Өркендеу» ауылында заманауи жабық спорт кешендерін салу бастамаларын қолдау

7. Ауылішілік жолдарды жөндеу

«Бозкөл» ауылының жөндеуді қажет ететін көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету.

8. Гидротехникалық нысандарды жаңарту

Аудандағы су шаруашылығы құрылыстарын кезең-кезеңімен жөндеу және қайта жаңғырту жобаларын қолдау.

9. Мәдениет инфрақұрылымын кеңейту

«Бірлік» және «Тасарық» ауылдарында жаңа клуб ғимараттарын салу мәселесін тиісті деңгейде көтеру.

10. Ауылдарды кешенді дамыту

Елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған жобалардың облыстық бюджетке енгізілуіне ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖАЛГАСБАЕВ НУРГИСА ЖАППАРБЕРГЕНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Жалгасбаев Нургиса Жаппарбергенович – 1984 жылы Қазалы ауданында дүйнеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары.

2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Қаржы және қаржылық құқық» мамандығы бойынша, 2014 жылы «Қазтұтынуодағы» Қарағанды экономикалық университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 2005 жылы «Теміржолжылу-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электронды есептеу машинасының операторы болып бастаған.

2005-2006 жылдары «Теміржолжылу-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2 категориялы бухгалтері;

2006-2011 жылдары «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының «Қазалы пайдалану вагон депосы» филиалының жетекші инженер-экономисті;

2011 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманының міндетін уақытша атқарушы;

2011-2012 жылдары «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы;

2012-2013 жылдары Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының әкімшілік бөлімінің бас маманы;

2013 жылдың мамыр-қыркүйек айларында Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының әкімшілік бөлімінің басшысының міндетін қоса атқарушы;

2013-2017 жылдары Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының әкімшілік бөлімінің басшысы;

2017-2018 жылдары «Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, 2018-2021 жылдары «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы;

2021 жылдың сәуір айынан бастап 2022 жылды наурыз айына дейін «Nur Otan» партиясы Қазалы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, 2022 жылдың наурыз айынан 2026 жылдың шілде айына дейін «AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының Атқарушы хатшысы қызметтерін атқарған.

2026 жылдың шілде айынан бастап осы кезге дейін «Әділет» партиясы Қазалы аудандық филиалының төрағасы қызметін атқарып келеді.

Қазалы аудандық мәслихатының VII, VIII шақырылымдарының депутаты.

2022, 2026 жылдары Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хатымен, 2022 жылы «AMANAT» партиясының Құрмет грамотасымен, 2023 жылы «AMANAT» партиясының Төрағасының Алғыс хатымен, 2026 жылы «Әділет» партиясының Төрағасының Алғыс хатымен марапатталған.

№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖАЛГАСБАЕВ НУРГИСА ЖАППАРБЕРГЕНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ел дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған 10 басымдық

1. Заң мен тәртіп

Қоғамда заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу және әділдік қағидаттарының сақталуына ықпал ету.

2. Тиімді жұмыс істейтін институттар

Мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін күшейту және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға атсалысу.

3. Өңірлер мықты болса – ел мықты

Ауылдар мен елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, жол, ауыз су, электр және әлеуметтік нысандар мәселелерінің кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал ету.

4. Әділ, бәсекелі экономика

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, жергілікті өндірісті дамыту, инвестиция тартуға қолайлы жағдай жасау және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесу.

5. Цифрлық мемлекет

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жетілдіру, ауылдық жерлерде интернет сапасын арттыру және тұрғындардың заманауи технологияларға қолжетімділігін кеңейту.

6. Әлеуметтік ынтымақ және атаулы қолдау

Әлеуметтік осал топтарды қолдау, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік әділдік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал ету.

7. Адам әлеуетіне бәс тігеміз

Білім беру мен денсаулық сақтау салаларының сапасын арттыру, жастардың кәсіби дамуына жағдай жасау, спорт пен шығармашылық бастамаларды қолдау.

8. Жаңа мәдениет қалыптастыру, ұлт болып ұйысу

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи-мәдени мұраны сақтау, қоғамдық бірлікті нығайту және жастар арасында отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға атсалысу.

9. Таза Қазақстан

Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру, қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды тиімді басқару және экологиялық мәдениетті дамытуға ықпал ету.

10. Жауапкершілігі мол орта держава

Еліміздің халықаралық беделін нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдау, өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен тұрақтылық құндылықтарын дәріптеу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НУРМАНОВ НУРЛАНБЕК АБИШЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Нурманов Нурланбек Абишевич 1975 жылы 12 қаңтарда Жаңақазалы поселкесінде туған.

1982-1992 жылдары №17 қазақ орта мектебінде білім алған.

Еңбек жолын 1993 жылдан бастап “Қазақтелеком” акционерлік қоғамының Қазалы желілік техникалық цехында электромонтер болып бастап, электромеханик, техникалық цехтың инженері, жетекші инженер болып жұмыс істеген.

2004 жылы Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжінде, 2012 жылы Қазақ жол қатынастары университетінде, 2014 жылы Алматы қаласындағы Д.Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университетінде білім алған.

«Радиотехника, электроника және коммуникация» факультетінің «Техника және технология магистрі» мамандығы бойынша оқып, білім алған.

2015-2017 жылдары “Қазақтелеком” АҚ- ның Қазалы желілі техникалық цехында өндіріс бастығы, 2017-2021 жылдары “Қазақтелеком” АҚ - ның Қазалы желісі техникалық цехында бас инженер, 2021 жылдан бастап Қазалы желілі техникалық цехында цех бастығы болып қызмет атқарып келеді.

Отбасылы.

“Қазақтелеком” АҚ басшылығының Алғыстары мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НУРМАНОВ НУРЛАНБЕК АБИШЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің оңтүстік және оңтүстік-батыс бөліктерін кешенді дамыту, тұрғындардың күнделікті тұрмысын жеңілдету және әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі бастамаларым.

1. Көлік қатынасының қолайлылығын арттыру

Округ аумағындағы көлік қозғалысын жақсарту, аялдамаларды ретке келтіру және қоғамдық көлік қызметінің қолжетімділігін арттыруға ықпал ету.

2. Жаңбыр және еріген су мәселесін шешу

Су жиналатын аумақтарды анықтау, қажетті жерлерге су бұру жүйелерін қарастыру және көшелерді су басудың алдын алуға атсалысу.

3. Тұрмыстық инфрақұрылымды жетілдіру

Электр желілерін жаңарту, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру және тұрғындардың күнделікті қажеттіліктеріне қатысты мәселелерді шешуге ықпал ету.

4. Отбасылық демалысқа жағдай жасау

Балалар мен ата-аналарға арналған шағын демалыс орындарын ұйымдастыру, аулаларды көгалдандыру және жайлы қоғамдық кеңістіктер қалыптастыруды қолдау.

5. Мектепке апарар жолдардың қауіпсіздігі

Білім беру нысандарына баратын жолдарды реттеу, қажетті өткелдер мен ескерту белгілерін орнату мәселесін көтеру.

6. Тұрғындардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу

Жұмыс іздеушілерге мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттың қолжетімді болуына және кәсіби оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуге атсалысу.

7. Қаңғыбас жануарлар мәселесін реттеу

Қаңғыбас жануарларға қатысты қауіпсіз әрі ізгілікке негізделген шараларды қолдау, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, азаматтардың өтініштері мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Қабылдауға келген 22 тұрғын аудан басшысына өздерін толғандырған мәселелерін жеткізіп, олардың заңдылыққа сәйкес шешілуіне ықпал жасауды сұрады.

Тұрғындардың басым көпшілігі тұрғын үй кезегі, тұрақты жұмысқа орналасу, көшелерді асфальттау, түнгі жарықтандыру, көпқабатты тұрғын үйдің ауласын ретке келтіру, кәсіпкерлік саласына қатысты мәселелерді көтерді.

Аудан әкімі әрбір өтінішті мұқият тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша тиісті түсініктемелер берді. Сондай-ақ, азаматтардың өтініштерін жан-жақты зерделеп, заң талаптарына сәйкес шешу жолдарын қарастыру жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Жеке қабылдауда аудан басшысы Әйтеке би кентіндегі Қыз жібек көшесіне асфальт төсеу мәселесіне қатысты аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы бойынша Қыз Жібек көшесі мен басқа да бірқатар көшелерді күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарына жоба әзірленіп, сараптама қортындысы алынғанын, қажетті қаржы көлемі бөлінген жағдайда тиісті жұмыстар жүргізу жоспарда бар екендігін жеткізді. Сондай-ақ, қысқы мұз айдынын ашу мәселесі бойынша жүгінген тұрғынның мәселесіне қатысты тиісті сала басшыларына кент ішінен арнайы орынды анықтап беріп, қолдау көрсетуді тапсырды.

Аудан әкімі тұрғындар тарапынан айтылған өтініштер назардан тыс қалмайтынын айтып, әрбір мәселе бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, **бухгалтер** -2-60-94,
факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru **Таралымы 11277 дана.**